

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

18 қаңтар 2023 жыл

### **KASE 2022 жылдың қорытындысы бойынша биржалық нарық жұмысының нәтижелерін ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) 2022 жылдағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2022 жылы 261,6 трлн теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 50,0 %-ға немесе 87,2 трлн теңгеге өсті.
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 11,5 %-ға 3 251,64 тармаққа дейін төмендеді.
- Акциялар нарығын капиталдандыру бір жылда 26,4 %-ға 21,2 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- KASE-де саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 6,3 %-ға 14,4 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- 2022 жылы ресми тізімге 23 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары енгізілді: төртеуі акциялар секторында, сегізі KASE Global секторында, 10 корпоративтік облигациялар секторында және біреуі инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында.
- 2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 230 эмитенттің 584 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 513 468 жеке тұлғаға ашылған 547 154 дербес шот болды.

### **БИРЖАНЫҢ ЖОБАЛАРЫ**

2022 жылы KASE кезекті үш жылдық кезеңге арналған жаңа даму стратегиясын іске асыруды бастады, ол төрт негізгі бағытты қамтиды: биржалық нарықтардағы өтімділікті арттыру, орталық контрагентті дамыту, инновацияларды енгізу және стейкхолдерлер үшін KASE құндылығын арттыру. Даму стратегиясын іске асыру шеңберінде 2022 жылы Биржа аталған бағыттар бойынша бірқатар жобаларды енгізді.

"IRIS Finance" ақпараттық терминалының шолғыш нұсқасы пайдалануға берілді. Жаңа нұсқада мынадай мүмкіндіктер мен функциялар қолжетімді: нақты уақыт тәртіптемесінде сауда-саттық деректерін трансляциялау; нақты уақыт тәртіптемесінде жаңартылатын биржалық баға белгілеулердің стақаны; KASE-дегі өтімдер мен мәмілелер туралы тарихи ақпарат; ыңғайлы визуализациясы бар биржалық индекстер мен индикаторлар.

Scilla Surveillance Жаңа қадағалау жүйесі енгізілді. Бұл жүйе Биржаға жергілікті нарықты манипуляциядан қорғаудың сапалы жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Қаржылық қызметтер саласындағы жаңа технологияларды пайдалану қатысушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді, қызмет көрсету стандарттарының деңгейін және, тиісінше, тұтастай алғанда нарық талаптарын көтереді.

Жазылу әдісімен сауда-саттық жүргізуге мүмкіндік беретін ASTS+ СКЖ пысықтаулары пайдалануға енгізілді, бұл теңгемен немесе АҚШ долларымен есеп айырысумен ОК қызметтерін пайдалана отырып және пайдаланбай жазылым жүргізуді таңдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, сауда-саттықтың бастамашысы жазылым параметрлерін икемді конфигурациялауды, бағалардың жоғарғы және төменгі шекараларын белгілеу мүмкіндігін және т.б. қарастырылған. Осы әдісті қолдану арқылы "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акцияларының IPO жүргізілді.

Әдістеме анықталып, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстерін есептеу басталды. МБҚ индекстері қазақстандық тәуекелсіз бағалы қағаздардың кірістілігі мен бағаларын әртүрлі мерзімдерде қадағалауға арналған қосымша құралдар болып табылады.

Бағалы қағаздардың жаңа түрі – клирингілік қатысу сертификаттары енгізілді және осы бағалы қағаздармен репо операциялары ашылды. Бұл құралдың негізгі артықшылықтары: мүліктік пулға енгізілген активтерге меншік құқығын сақтау, қамтамасыз етуді тиімді басқару, мүліктік пулдағы қамтамасыз етуді online түрде ауыстыру, мүліктік пулға бағалы қағаздардың кең жиынтығын қосу мүмкіндігі.

## НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР

Балалар мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған Global Money Week жаһандық жобасы аясында Биржа "Инвестициялық сауаттылық негіздері", "Pro IPO: нені білу керек және қалай қатысу керек", "Бағалы қағаздарды салықтық декларациялау" вебинарларын және "Бизнеске арналған қор нарығының құралдары" бүкіл Қазақстанға онлайн-трансляциясымен офлайн-кездесуін өткізді. Іс-шараларға 1200-ден астам адам қатысты.

KASE биржалық нарығының қызметі туралы хабардарлықты арттыру, сондай-ақ қор нарығының оқиғаларын жариялау мақсатында Биржа "Business FM" радиостанциясында "KASE биржалық жаңалықтары" жаңалықтар таратылымын шығаруды жалғастырды.

"KASE Talks" жобасы аясында жеті эфир өткізілді, онда спикерлер қаржы нарығының мамандары болды, онда бағалы қағаздар нарығын дамытуға, IPO өткізуге және тұтастай қаржы секторын қаржыландыру құралдарына қатысты түрлі мәселелер талқыланды.

ҚазМұнайГаз IPO-ға дайындық шеңберінде:

- Биржа қызметкерлері "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ұйымдастырған ақпараттық-түсіндіру кездесулеріне қатысты. Спикерлер IPO деген не және ірі ұлттық компанияның инвесторы болу туралы айтты;
- "Business FM" радиостанциясында KASE қазақ және орыс тілдерінде IPO туралы ақпараттық подкасттарды іске қосты, онда Биржа қызметкерлері IPO деген не және ол компанияға не үшін қажет екенін, инвесторлар үшін брокерді қалай таңдау қызықты екенін айтты;
- әлеуметтік желілердегі өз беттерінде KASE IPO туралы бейнероликтерді іске қосты.

Қор нарығының құралдары туралы халықтың хабардарлығын арттыру мақсатында KASE келесі оқыту бағдарламалары мен вебинарлар өткізді:

- "Қор нарығы: бастаушы инвесторға арналған жадынама" вебинары;
- Брокерлік ұйымдармен ынтымақтастықта "KASE-дегі менің портфелім" оқыту бағдарламасы шеңберінде: "Бағалы қағаздар нарығына кіріспе", "Акцияларды таңдау", "Облигацияларды таңдау", "Инвестициялық қорларды таңдау (ИПҚ және ETF)", "Инвестициялық портфельді құру", "Алғашқы бағалы қағаздарды сатып алу" тақырыптарында вебинарлар өткізілді.

07 қазанда Алматы және Астана қалаларының жетекші жоғары оқу орындарында Биржа қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкелерін өткізді. Іс-шаралар дүниежүзілік қор биржалары Федерациясының (WFE) жыл сайынғы world Investor Week 2022 бағдарламасын қолдау мақсатында ұйымдастырылды. Негізгі мақсат – қазақстандық қор нарығында сауда-саттықты танымал ету, сондай-ақ Қазақстанның ұлттық компанияларының IPO-ға дайындығы кезінде әлеуетті инвесторлардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру.

16 қарашада KASE Қазақстан қаржыгерлерінің X конгресі аясында "ESG – қаржы нарығын дамытудың жаңа парадигмасы" атты халықаралық конференция өткізді. Қазақстан мен жақын және алыс шет елдердің қаржы нарығының сарапшылары үшін пікірталас алаңына айналған конференцияда ESG қағидаттарын енгізу мәселелері талқыланды: тұрақты даму жобаларын қаржыландырудың жаһандық трендтері, реттеуді дамыту, корпоративтік ESG-стратегиялары және бизнесті трансформациялау, сондай-ақ ESG-ақпаратты ашу саласындағы озық тәжірибелер, жасыл қаржыландырудың қолжетімді құралдары, ESG- Орталық Азия мен Қазақстандағы жобалар және басқа да өзекті тақырыптар.

Сонымен қатар, Биржа алаңында ESG облигациялары шығарылымдарының құрылымын жасау бойынша сарапшылардың қатысуымен екі күндік тренинг өткізілді.

23 желтоқсанда KASE 14-ші жыл сайынғы "Биржалық симулятор" байқауының жабылу салтанаты өтті. Конкурс "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ IPO және Қазақстан Республикасының Алматы, Астана қалаларында,

өңірлерінде қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкелері шеңберінде өткізілді. Барлығы Қазақстанның 100-ден астам жоғары оқу орындарынан жобаға қатысушы 4 789 студент тіркелді. Байқау қорытындысы бойынша 5 жоғары оқу орнынан 10 жеңімпаз анықталды.

"Эмитент күні" жобасы аясында KASE-де "Кселл" АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, "KEGOC" АҚ және Азия Даму Банкі, "Онлайн Қазқаржы" ЖШС (SOLVA) және "ҚазТрансОйл" АҚ басшыларының инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен, сондай-ақ БАҚ өкілдерімен онлайн кездесулері ұйымдастырылды, компаниялардың негізгі қорытындыларына және іске асырылып жатқан жобаларға арналған.

KASE қолдауымен CFO IDEA EXCHANGE & NETWORKING SUMMIT 2022 қаржы нарығының топ-менеджерлерінің IX жыл сайынғы саммиті өтті, оның барысында KASE Басқарма Төрағасының орынбасары Н. Хорошевская "ESG және тұрақты қаржыландырудың биржалық күн тәртібі" тақырыбында сөз сөйледі

Биржа әлеуетті және жұмыс істеп тұрған эмитенттер үшін "ESG ашуды ескере отырып жылдық есептерді дайындау практикасы" және "KASE листингі" оқыту вебинарларын өткізді.

Кәсіпкерлердің қаржылық сауаттылығын және олардың қор нарығының құралдары туралы хабардарлығын арттыру мақсатында өткізілетін "KASE-де қаржыландыруды тарту" оқыту бағдарламасы шеңберінде Биржа "Қор нарығында қаржыландыруды тарту құралдары және олардың артықшылықтары", "Компанияның капиталын басқару және компанияның даму сатысына байланысты қаржыландыруды тарту тәсілдері", "Бағалы қағаздарды қор нарығына орналастыруға дайындық кезеңдері" тақырыптарында 3 вебинар өткізді

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" (Sustainable Stock Exchanges Initiative) бастамасын іске асыру шеңберінде 2022 жылы Биржа Gender Equality үшін Ring The Bell сауда-саттығының ашылу салтанатын, сондай-ақ "Гендерлік инклюзивтілік және тұрақты даму" конференциясын бесінші рет өткізді.

KASE және Ашхабад қор биржасының бас директоры Нұргелди Мередов бастаған Түркіменстан Республикасының қаржы секторы өкілдерінің делегациясы түрлі нарықтарда сауда-саттықты ұйымдастыру, клиринг, листинг және т. б. туралы егжей-тегжейлі ақпаратпен танысу мақсатында бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

Капитал нарығымен және Биржа қызметімен танысу мақсатында KASE Стамбул қор биржасына Borsa Istanbul (Түркия) жұмыс сапары өтті.

KASE Еуразиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) мүшелері үшін "FEAS on-site training" оқыту тренингін өткізді. Бұл қор нарығы мамандарының тоғызыншы кездесуі болды, оның шеңберінде KASE қызметкерлері әріптестерін Биржаның қызметімен және оның қызметтерімен таныстырды.

## АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Акциялар нарығын капиталдандыру жыл басынан бері 26,4 %-ға немесе 7,6 трлн теңгеге төмендеп, 21,2 трлн теңгені (45,9 млрд USD) құрады.

2022 жылдың соңында Биржаның сауда-саттық тізімінде 100 эмитенттің 114 атаудағы акциялар болды, оның ішінде төрт эмитенттің төрт атауындағы акциялар "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді.

Жыл басынан бері Биржаның ресми тізіміне бес эмитенттің бес атаудағы жай акциялары енгізілді, оның ішінде KASE-де алғаш рет листингтен өткен төрт жаңа акция ("Еуразиялық қаржы компаниясы" АҚ, "Майкубен-Вест" АҚ, "Ақбақай Голд Ресорсиз" АҚ және "Aidarly Project (Айдарлы Проджект)" АҚ) және біреуі жұмыс істеп тұрған эмитент ("Sinoasia B&R (Синоазия Биендар) "СК"АҚ). "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында сауда-саттыққа "Көкше" АҚ-ның жай акциялары жіберілді.

Биржаның сауда-саттық тізімінен 13 атаудағы акциялар алынып тасталды, оның ішінде төртінші тоқсанда Биржаның ресми тізімінен жеті атаудағы акциялар алынып тасталды: "Жәйрем тау-кен байыту комбинаты" АҚ жай және артықшылықты акциялары, "Лондон-Алматы" Сақтандыру компаниясы" АҚ, "Altyntau Kokshetau" АҚ жай акциялары, "Коммекс-Өмір өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ және "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Халық" сақтандыру компаниясы" АҚ эмитентінің бастамасы бойынша және "Еуразиялық қаржы компаниясы" АҚ-ның жай акциялары көрсетілген акциялармен белгіленген мерзімде сауда-саттықты ашу жөніндегі талаптарды сақтамауына байланысты.

2022 жылы акциялармен сауда-саттық көлемі 2021 жылға қарағанда 27,3 %-ға немесе 115,5 млрд теңгеге 307,3 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 1 254,3 млн теңгені (қайталама нарықта – 689,3 млн теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 2 107 (қайталама нарықта – 1 610 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 595,2 мың теңгені (қайталама нарықта – 428,0 млн теңге) құрады.

Бастапқы нарық көлемі 138,4 млрд теңгеге бағаланады. Шілде айында "Sinoasia B&R (Синоазия Биендар)" СК" АҚ KASE сауда-саттық жүйесінде 852,0 млн теңге сомасына 55 000 артықшылықты акция орналастырды.

"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - ҚМГ) жай акцияларын жария бастапқы орналастыру (IPO) қорытындысы бойынша KASE сауда-саттық жүйесінде 137,5 млрд теңге тартылды, бұл осы IPO шеңберінде инвесторлардың қанағаттандырылған өтінімдерінің жалпы көлемінің 89 % құрайды.

ҚМГ-ның KASE жай акцияларына жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 141,8 млрд теңгеге 121 770 өтінім түсті. Сатушы акционер тұлғасында "Самұрық-Қазына" ҰАҚ" АҚ KASE-те жиынтық көлемі 137,5 млрд теңге болатын 121 770 өтінімді қанағаттандыру туралы шешім қабылдады. Бұл ретте жеке және заңды тұлғалар берген барлық белсенді өтінімдер толық көлемде қанағаттандырылды, институционалдық инвесторлардың өтінімдері ішінара қанағаттандырылды. Жеке тұлғалардың шоттарына орналастыру нәтижелері бойынша 70,1 млрд теңге сомасына (KASE – де орналастыру көлемінің 51,0 %), заңды тұлғаларға – 12,1 млрд теңге сомасына (орналастыру көлемінің 8,8 %), институционалдық инвесторлар берген қанағаттандырылған өтінімдер көлемі 55,3 млрд теңгені (орналастыру көлемінің 40,2 %) құрады.

ҚМГ акцияларын орналастыру жергілікті инвесторлардан тартылған инвестициялар сомасы және қатысқан инвесторлар саны бойынша Қазақстан Республикасында рекордтық көрсеткішке ие болды. Мәселен, мысалы, ҚМГ акцияларына KASE сұранысының көлемі 2012 жылы "Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде орналастырылған "ҚазТрансОйл" АҚ акцияларына сұраныстан 2,5 есе асып түсті.

Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 60,0 %-ға немесе 253,1 млрд теңгеге төмендеп, 168,9 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары тұрғысынан жеке тұлғалар ең белсенді болып қала береді, олардың шоттарына акциялармен сауда-саттықтың жалпы айналымының 44,3 %-ы тиесілі болды. Банктердің қатысуы 0,4 %-ға, брокер-дилерлер – 12,3 %-ға бағаланады, басқа институционалдық инвесторларға 11,5 %-ға, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 31,5 %-ға тура келді. Резидент участистердің қатысуы 13,8 %-ға бағаланады.

## KASE ИНДЕКСІ

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстандық акциялар нарығы әлемдік нарықтан кейін "аюлы" аумаққа өтіп, 27,2 %-ға төмендегенін көрсетті. Ең төменгі мән 17 маусымда тіркелді – 2 617,15 тармақ. Екінші жартыжылдықтың басынан бастап жергілікті акциялар нарығында индекстің қалпына келуі және өтімділіктің біртіндеп қайтарылуы байқалды. Жыл қорытындысы бойынша индекс ішінара төмендеді. Жыл қорытындысы бойынша KASE индексінің төмендеуі 11,5 %-ға 3 251,64 тармаққа дейін құрады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша индекстік акциялармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 56,7 млрд теңгені құрап, 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4,0 %-ға ұлғайды.

## KASE Индексінің өкілеттік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық код	Бағасы, бір акцияға теңге			Сауда-саттық көлемі*, млн теңге		
		01.01.23 ж.б.	01.01.22 ж.б.	Δ, %	2022 жыл	2021 жыл	Δ
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	640,00	398,00	+60,8	12 350,8	7 034,0	+ 5 316,8
"Кселл" АҚ	KCEL	1 725,00	1 626,91	+6,0	17 199,5	20 579,0	- 3 379,5
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 620,02	1 870,52	-13,4	1 118,0	1 684,4	- 566,4
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	28 362,32	35 800,00	-20,8	2 547,3	5 826,3	- 3 279,0
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	12 874,00	16 890,00	-23,8	4 428,7	2 688,3	+ 1 740,4
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	126,47	186,99	-32,4	11 810,9	9 971,0	+ 1 839,9
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	734,00	1 094,10	-32,9	3 567,3	5 562,8	- 1 995,6

Kaspi.kz АҚ	KSPI	33 196,50	52 250,00	-36,5	3 646,3	1 119,5	+ 2 526,8
-------------	------	-----------	-----------	-------	---------	---------	-----------

\* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

2022 жылдың қорытындысы бойынша жасыл аймақта индекстік себеттің екі өкілінің жай акциялары жабылды: 60,8 % өсіммен "Банк ЦентрКредит" АҚ және 6,0 % өсіммен "Кселл" АҚ.

**"Банк ЦентрКредит" АҚ**-ның 2022 жылдың тоғыз айындағы қаржылық есебіне сәйкес таза пайдасы 122,9 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10 еседен астам ұлғайды. Пайданың өсуі ішінара Альфа-Банк АҚ ЕБ сатып алу жөніндегі мәміленің аяқталуымен және осы мәміледен жалпы сомасы 50,0 млрд теңгеге дивидендтер алумен байланысты. "Банк ЦентрКредит" АҚ бизнес-жайғасымдарының жақсарғанын және капитал қорының ұлғаюын атап өтіп, S&P Global Ratings шілде айында банктің рейтингін тұрақты болжаммен В- деңгейінен В+ деңгейіне дейін көтерді, Moody's Investors Service болжамды "Тұрақты"-дан "Позитивті"-ге дейін көтерді.

**"Кселл" АҚ** акциялары 2022 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша бағасының 32,7 % жоғалтты, бұл ретте екінші жартыжылдықта төмендеуді толық қалпына келтірді және жыл басына қарағанда бағасына 6,0 % қосты. Желтоқсан айында "Кселл" АҚ және "Мобайл Телеком-Сервис" ЖШС атынан консорциум 3600-3700 МГц және 3700-3800 МГц спектрімен 5G бесінші буынының ұялы байланысын енгізу және дамыту үшін радиожиіліктерді сату бойынша аукционды жеңіп алды. Екі лоттың жиынтық сомасы 156 млрд теңгені құрады.

Индекс қоржынының қалған өкілдері жыл қорытындысы бойынша қызыл аймақта болды.

## "KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

Желтоқсан айының соңында KASE Global секторында 46 атаудағы акциялар және шетелдік эмитенттердің алты ETF-і болды. 18 қарашадан бастап Twitter Inc жай акциялары. KASE ресми тізімінен шығарылды. Компанияның жаңа иесі Илон Масктың оны жекеше ету туралы шешімінен кейін Нью-Йорк қор биржасының ресми тізімінен делистинг жүргізілді, сонымен қатар акциялар S&P 500 индексінен шығарылды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша "KASE Global" секторында сауда-саттық көлемі 25,8 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 105,3 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 116, бір мәміленің орташа көлемі – 908,3 мың теңгені құрады.

2022 жылғы сауда-саттықтың ең үлкен көлемі келесі акцияларға келді:

- Airbus SE (AIR\_KZ) – жалпы сомасы 10,4 млрд теңгеге 133 мәміле;
- Apple Inc. (APPL\_KZ) – жалпы сомасы 2,8 млрд теңгеге 2 529 мәміле;
- Intel Corporation (INTC\_KZ) – жалпы сомасы 1,6 млрд теңгеге 2 762 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары арасында брокер-дилерлердің үлесіне 36,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 5,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 24,2 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 33,2 % тиді, ал бейрезиденттердің үлесі 0,6 % болды.

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2022 жылы 6,3 %-ға немесе 973,5 млрд теңгеге 14,4 трлн теңгеге (31,3 млрд USD) дейін төмендеді.

2022 жылдың желтоқсан айының соңында KASE ресми тізімінде 83 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 346 шығарылымы болды. 2022 жылы KASE ресми тізіміне 50 эмитенттің (10 жаңа эмитенттің) 96 шығарылымының облигациялары енгізілді, оның ішінде төртінші тоқсанда – 13 эмитенттің (3 жаңа эмитенттің) 18 облигациялар шығарылымы – "ҚазАгроҚаржы" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ, "Лизинг Групп" АҚ, "Fincraft Group" ЖШС, "R Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "ЮНИКРЕДО" Микроқаржы ұйымы" ЖШС, "Аркада ИНДАСТРИ" ЖШС, **"Мобильный мир" ЖШС, "ASIA PARK" ЖШС ("АЗИЯ паркі") және "Finaccord Limited" жеке компаниясы** бір-бір шығарылымынан және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ облигацияларының екі шығарылымынан және "ТССП Групп" ЖШС-нің төрт шығарылымы енгізілді.

KASE\_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2022 жылы 204 базистік тармаққа өсіп, жылдық 12,66 % құрады.

KASE корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 2021 жылға қарағанда 25,6 %-ға немесе 508,1 млрд теңгеге 2,5 трлн теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 10,2 млрд теңгені (қайталама нарықта – 4,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 75 мәмілені



(қайталама нарықта – 67 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 134,7 млн теңгені (қайталама нарықта – 60,4 млн теңге) құрады.

2022 жылы корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында жалпы сомасы 1 492,2 млрд теңгеге 20 эмитенттің 53 шығарылымының облигациялары орналастырылды, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 30,5 %-ға немесе 348,4 млрд теңгеге жоғары. 2022 жылдың төртінші тоқсанында жалпы сомасы 1 049,6 млрд теңгеге 14 эмитенттің 30 облигациялар шығарылымы орналастырылды, бұл үшінші тоқсанның көрсеткішінен 3,4 есе жоғары:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 15,67-19,08 % және өтеуге дейінгі мерзімі 0,8 жылдан жеті жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 325,4 млрд теңге тартты;
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы " АҚ облигацияларды жылдық 4,6 %-бен және 30 күнге дейін өтеу мерзімімен орналастыра отырып, 50 млн АҚШ долларын (23,3 млрд теңге) тартты;
- "KEGOC" АҚ TONIA пайыздық мөлшерлемесіне 3,00 % маржасы бар 15 жылдық "жасыл" облигацияларды орналастыру арқылы 16,1 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 0,5 %-бен және өтеуге дейінгі мерзімі 11,5 жыл бар облигацияларды орналастыра отырып, 30,0 млрд теңге тартты;
- "Банк ЦентрКредит" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 17,5 % және өтеуге дейінгі мерзімі 3,1 жыл бар облигацияларды орналастыра отырып, 13,1 млрд теңге тартты;
- "Банк "Bank RBK" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 14,50-19,75% 10 жылдық облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 40,0 млрд теңге тартты (шығарылым бойынша орташа сараланған кірістілік жылдық 14,50–18,25 % диапазонында өзгерді);
- "Онлайн-ҚазҚаржы Микроқаржы ұйымы" ЖШС облигациялардың үш шығарылымын орналастырды және:
  - өтеуге кірістілігі жылдық 10,0 % және өтеуге дейінгі мерзімі бір жылдан кем облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 7,3 млн АҚШ долларын (3,5 млрд теңгенің баламасы),
  - өтеуге кірістілігі жылдық 21,0 %, өтеуге дейінгі мерзімі бір жылдан кем облигацияларды орналастыра отырып, 1,3 млрд теңге көлемінде қаржы тартты;
- "Лизинг Групп" АҚ облигацияларды жылдық 20,25 %-бен және өтелгенге дейін бір жыл мерзімге орналастырып, 2,0 млрд теңге тартты;
- "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 0,1 % және өтеуге дейінгі мерзімі 28,3 жыл бар облигацияларды орналастыра отырып, 970,2 млн теңге тартты;
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 20,00% және өтеуге дейінгі мерзімі бір жыл бар облигацияларды орналастыра отырып, 10,0 мың теңге тартты;
- "ТСП Групп" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 21,0% бар және өтеуге дейінгі мерзімі бір жыл бар облигацияларды орналастыра отырып, 150,3 млн теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі – 27,0 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 2,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 11,1 %, өзге заңды тұлғалардың – 58,1 %, жеке тұлғалардың – 0,8 % -. құрады. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 3,5% құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2021 жылға қарағанда 19,1 %-ға немесе 159,6 млрд теңгеге 996,7 млрд теңгеге дейін өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі – 4,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 5,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 13,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 73,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 3,9 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 16,4% құрады.

## **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)**

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыштың сомасы жыл басынан бері 20,9 %-ға немесе 3,7 трлн теңгеге ұлғайып, 21,5 трлн теңгені (46,7 млрд USD) құрады.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 6,0 трлн теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 67,9 %-ға немесе 2,4 трлн теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 24,5 млрд теңгені (қайталама нарықта – 7,6 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 14 (қайталама нарықта – 11), бір мәміленің орташа көлемі – 1,8 млрд теңгені (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 0,7 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 53,5 %-ға немесе 1 444,1 млрд теңгеге 4 145,7 млрд теңгеге дейін өсті. Оның 176,4 млрд теңгесін 12 облыс, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі жылдық 10,21-16,58% орташа алынған кірістілікпен 3 969,2 млрд теңге тартып, өтелгенге дейінгі 0,8-15,0 жыл мерзіммен 29 шығарылым (14 жаңа шығарылым және 15 шығарылым ірілендірілді) орналастырды.

Бұл ретте 2022 жылдың төртінші тоқсанында орналастыру көлемі 1 202,5 млрд теңгені құрады, оның ішінде 23,0 млрд теңгені бес облыстың әкімдіктері, Қаржы министрлігі – 1 179,5 млрд теңгені тартты. Қаржы министрлігінің орналастыру аукциондарындағы ставкалар өтелгенге дейін 2,3–6,0 жыл мерзімімен сегіз шығарылымды орналастыру шеңберінде жылдық 15,20-16,58% диапазонында қалыптасты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктер үлесіне 14,5 %, брокер-дилерлер – 0,7 %, басқа институционалдық инвесторлар – 74,4 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 10,4 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 %-дан кем болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2,1 есеге немесе 984,3 млрд теңгеге өсіп, 1 858,7 млрд теңгеге жетті. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 39,1 % немесе 727,8 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 54,3 % немесе 1 009,1 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 4,7 % немесе 87,3 млрд теңгені құрады, қалған 1,9 % немесе 34,5 млрд теңге шет мемлекеттердің МБҚ-мен мәмілелерге тиесілі болды.

Төртінші тоқсанда қайталама нарықтағы МБҚ сауда-саттық көлемі 278,8 млрд теңгені құрады, бұл ретте қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі – 65,5 % немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінен 182,6 млрд теңге, МЕКАМ үлесі – 31,3 % немесе 87,4 млрд теңге, еурооблигациялар үлесі – 0,5 % немесе 1,3 млрд теңге, қалған 2,7% немесе шет мемлекеттердің МБҚ мәмілелеріне 7,4 млрд теңге түсті.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 39,9 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 3,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 11,4 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 45,0 %, жеке тұлғалардың үлесіне 0,7 % тиді. Бейрезиденттердің қатысуы 6,9 %-ға бағаланады.

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ**

Жыл соңында KASE сауда-саттық тізімінде төрт халықаралық қаржы ұйымының облигацияларының 40 шығарылымы болды: Азия даму банкінің тоғыз шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 16 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің 13 шығарылымы және халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) екі шығарылымы.

2022 жылы ресми тізімге облигациялардың тоғыз шығарылымы енгізілді: Азия даму банкінің төрт шығарылымы, Еуразиялық Даму Банкі мен Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің екі шығарылымы және IFC бір шығарылымы.

2022 жылы ресми тізімнен облигациялардың 15 шығарылымы алынып тасталды: Еуразиялық даму банкінің он шығарылымы, IFC екі шығарылымы және айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты Азия даму банкінің бір шығарылымы және мерзімінен бұрын өтеуге байланысты Азия Даму Банкінің екі шығарылымы.

2022 жылы сауда-саттық көлемі 126,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 28,4 млрд теңгеге немесе 18,3 %-ға төмен. Өткен жылмен салыстырғанда мәмілелер саны 2,2 есе өсіп, 361 мәмілеге жетті.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында 2022 жылы жалпы сомасы 86,4 млрд теңгеге үш халықаралық қаржы ұйымының алты шығарылымы орналастырылды, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 26,0 %-ға немесе 30,4 млрд теңгеге төмен (төменде ұсынылған).

- Азия Даму Банкі:
  - халықаралық әлеуметтік облигацияларды жылдық 11,00 %-бен өтелгенге дейін 8,8 жыл мерзіммен орналастырып, 14,0 млрд теңге тартты;

- халықаралық облигацияларды жылдық 14,00 %-бен 2,2 жыл өтелгенге дейін орналастырып, 10,0 млрд теңге тартты;
- үш жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 14,15 %-бен орналастырып, 6,5 млрд теңге тартты;
- екі жылдық халықаралық жасыл облигацияларды жылдық 14,50 %-бен орналастырып, 3,4 млрд теңге тартты.
- Еуразиялық Даму Банкі екі жылдық облигацияларды жылдық 15,00 %-бен орналастыра отырып, 36,5 млрд теңге тартты;
- Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі екі жылдық облигацияларды жылдық 15,35 %-бен орналастыра отырып, 16,0 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесі – 35,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 0,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 32,3 %, өзге де заңды тұлғалардың үлесі – 31,2 % құрады.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 40,5 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,2 %-ға немесе 2,0 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2022 жылы банктердің үлесіне – 11,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 13,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 20,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 53,2 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 1,3% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 18,4 %-ға бағаланады.

## **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ**

2023 жылдың 01 қаңтарында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында алты басқарушы компания мен алты ETF басқаратын 21 инвестициялық пай қорларының құралы болды.

Жыл басынан бері "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының KASE ресми тізіміне инвестициялық пай қорларының екі құралы енгізілді.

2022 жылы сауда-саттық көлемі 8,8 млрд теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 76,8%-ға немесе 29,3 млрд теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 27,3 % – жеке тұлғаларға, 21,5 % – брокер-дилерлерге, 2,1 % – басқа институционалдық инвесторларға, 49,1 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі.

## **ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**

2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелефон" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

2022 жылы сауда-саттық көлемі 18,4 млрд теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 52,5 %-ға немесе 20,4 млрд теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 4,3 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 47,6 % – басқа институционалдық инвесторлардың шоттарына, 17,4 % – басқа заңды тұлғаларға, 30,8 % – жеке тұлғалардың үлесіне тиесілі болды.

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ**

2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 513 468 жеке тұлғаға ашылған 547 154 дербес шот болды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 340 789 жаңа дербес шотты тіркеді.

## **ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ**

2022 жылы KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 33 KASE мүшесі қатысты. Сауда-саттық көлемі 20,8 трлн теңгеге жетті, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 33,6 %-ға немесе 5 230,3 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 84,9 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 350, бір мәміленің орташа көлемі – 242,6 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада өткен жылдың ұқсас кезеңіне көрсеткіштің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі KZT-ге шетел валютасының орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).



жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағам, базалық валютаның бірлігіне баға белгіленетін валютаның саны	Кезеңнің соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	32 326,6 (-8,9 %)	71,8 % (-25,5 %)	72 862 (-26,4 %)	409,50-523,00	462,66 (+7,1 %)
RUB/KZT	296 477,2 (x6,3)	10,3 % (+8,5 %)	8 374 (x2,9)	4,7200-8,9400	6,3500 (+7,2 %)
CNY/KZT	8 536,4 (x4,6)	2,8 % (+2,0 %)	2 175 (+48,9 %)	61,8000-81,0100	66,0278 (-2,7 %)
EUR/KZT	392,6 (x5,7)	0,9 % (+0,7 %)	1 275 (x5,1)	449,50-570,00	492,82 (+0,2 %)
EUR/USD	6 320,4 (-)	14,2 % (+14,2 %)	1 051 (-)	0,9545-1,1041	1,0625 (-)

## АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі өткен жылдың көрсеткішіне қатысты 51,9 %-ға немесе 79,2 трлн теңгеге ұлғайып, 231,8 трлн теңгеге жетті.

Базалық мөлшерлеменің 700 б.т. өсуі аясында мәмілелер көлемі арқылы орташа өлшенген мәнді білдіретін ақша нарығының композиттік индикаторы MM\_Index USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәні 733 б.т.-қа жылдық 10,52 %-дан жылдық 17,85 %-ға дейін өсті.

## Репо операцияларының нарығы

Репо операцияларының жиынтық көлемі 2022 жылы 202,6 трлн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы сауда-саттық көлемінен 61,0 трлн теңгеге немесе 43,1 %-ға артық. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 827,1 млрд теңгені, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 942, бір мәміленің орташа көлемі – 878,1 млн теңгені құрады. Репо операцияларының құрылымында 75,3 %-дан астамы МБҚ-мен авторепо операцияларын, НБҚ-мен авторепо операциялары – 24,6 %, НБҚ-мен тікелей репо және МБҚ-мен тікелей репо операциялары – 0,03 % құрады. КҚС-мен 5,1 млн теңгеге екі мәмілесі жасалды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 707 б.т.-қа жылдық 10,56 %-дан 17,63 %-ға дейін, TRION индикаторының мәні – 703 б.т.-қа жылдық 10,53 %-дан 17,56 %-ға дейін, TWINA индикаторының мәні – 670 б.т.-қа жылдық 10,34 %-дан 17,04 %-ға дейін өсті.

## Валюталық своп операциялары

Валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 2021 жылғы 11,0 трлн теңгеден 18,2 трлн теңгеге немесе 2,6 есеге 29,2 трлн теңгеге дейін ұлғайды. 2022 жылы операциялардың орташа тәуліктік көлемі 119,2 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 21, бір мәміленің орташа көлемі – 5,6 млрд теңгені құрады.

Қаржы құралдар құрылымда валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 74,2 % (21,6 трлн теңге немесе 47,0 млрд USD) бір күндік валюталық своппен (USDKZT\_0\_001) мәмілелерге, сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20,7 % (6,0 трлн теңге немесе 13,4 млрд USD) екі күндік валюталық своппен мәмілелерге (USDKZT\_0\_002), сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1 % (32,0 млрд теңге немесе 70,0 млн USD) – апталық валюталық своппен (USDKZT\_0\_01W) мәмілелерге, сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,7 % (194,2 млрд теңге немесе 432,0 млн USD) – айлық валюталық своппен (USDKZT\_0\_01M) мәмілелерге, 0,6 % (166,5 млрд теңге немесе 22,4 млрд RUB) – Ресей рублімен бір күндік валюталық своппен (RUBKZT\_0\_001), валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 3,1 % (0,9 трлн теңге немесе 120,0 млрд RUB) Ресей рублімен екі күндік валюталық своппен (RUBKZT\_0\_002), своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1 %-дан кемі (11,2 млрд теңге немесе 1,3 RUBKZT\_1\_001, осы жұппен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,5 % (139,2 млрд теңге немесе 280,8 млн EUR) мәмілелеріне бір күндік валюталық своппен (EURKZT\_0\_001) мәмілелер

жасалды, EURKZT\_1\_001 мәмілелеріне осы жұппен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1 % (30,8 млрд теңге немесе 55,0 млн EUR) келді.

Бір күндік долларлық своптың SWAP-1D (USD) кірістілігі жыл соңында жылдық 18,62 %-ға жетті және жыл басынан бері 914 б.т.-қа өсті екі күндік валюталық своптың SWAP-2D (USD) кірістілігі 844 б.т.-қа жылдық 18,68 %-ға дейін өсті.

## **ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ**

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына және KASE индексіне жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2022 жылдың қараша айында 7,9 млрд теңге сомасына Ресей рублінің теңгеге бағамына фьючерстермен бес мәміле жасалды. Жыл соңына қарай туынды құралдар нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық жайғасымдары болмады.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 53 42, pr@kase.kz.*